

## Борышкер-ауыл шаруашылығы ұйымының конкурстық массасын сатудың кейбір мәселелері

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қазандағы N 1016 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі N 840 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.11 N 840 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Борышкер-ауыл шаруашылығы ұйымының конкурстық массасын сату жөнінде аукцион өткізу ережесі бекітілсін.

2. "Банкроттық рәсімдерін ауыл шаруашылығы ұйымдары үшін қолданудың ерекшеліктері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1816 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 57, 514-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банкроттық рәсімдерін ауыл шаруашылығы ұйымдары үшін қолданудың ерекшеліктері туралы ережеде:

мәтін бойынша "Әкімгер", "әкімгер" деген сөздер алынып тасталсын;

5 - тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ауыл шаруашылығы ұйымы - жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін; егер бұл өнімді, оның ішінде қайта өңделген өнімді сатудан алынатын кіріс жылдық кірістің жалпы сомасының елу пайызынан астамын құрайтын болса, мал шаруашылығы, құс шаруашылығы (оның ішінде төл өсіруден бастап толық циклы бар асыл тұқымды), ара шаруашылығы өнімін өндіретін ұйым";

төртінші абзац алынып тасталсын;

10-тармақта "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 27-бабының 1-тармағына сәйкес" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Жер кодексі 63-бабының 1-тармағына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

VI "Банкрот ауыл шаруашылығы ұйымының конкурстық массасын бірыңғай

лотпен сату" деген тараудың 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30-тармақтары алынып тасталсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2

қ а з а н д а ғ ы

№

1 0 1 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Борышкер-ауыл шаруашылығы ұйымының конкурстық массасын сату жөнінде аукцион өткізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Борышкер-ауыл шаруашылығы ұйымының конкурстық массасын сату жөнінде аукцион өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді.

2. Борышкер-ауыл шаруашылығы ұйымы мүлкінің құрамына жеке меншіктегі ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, мүкәммалды, шикізатты, өнімді, жер учаскесін, сондай-ақ тұрақты және ұзақ мерзімді уақытша жер пайдалану құқығын және ұйымның өзге де активтерін (бұдан әрі - мүлік (активтер) қоса алғанда, негізгі құралдар кіреді.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

таратылатын ауыл шаруашылығы ұйымы - оның банкрот деп танылуына байланысты тарату процесіндегі, жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін; егер бұл өнімді, қайта өңделген өнімді сатудан алынатын кіріс жылдық кірістің жалпы сомасының елу пайызынан астамын құрайтын болса, мал шаруашылығы, құс шаруашылығы (оның ішінде төл өсіруден бастап толық циклы бар асыл тұқымды), ара шаруашылығы өнімін өндіретін ұйым (бұдан әрі - **б о р ы ш к е р**) ;

уәкілетті орган - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі анықтайтын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган ;

с а т у ш ы      -      к о н к у р с т ы қ      б а с қ а р у ш ы ;

аукционға қатысушы - аукционға қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген      з а ң д ы      н е м е с е      ж е к е      т ұ л ғ а ;

жеңімпаз - сауда-саттықта лот үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қ а т ы с у ш ы ;

сатып алушы - сатушымен сатып алу-сату шартын жасаған жеңімпаз;

сауда-саттықтың ағылшындық әдісі - бастапқы баға ең жоғары бағаны ұсынған бір қатысушы қалған сәтке дейін ертерек жарияланған қадаммен көтерілетін сауда-саттық әдісі;

сауда-саттықтың голландтық әдісі - онда бастапқы баға қатысушылардың бірі жарияланған баға бойынша лотты сатып алуға келіскен сәтке дейін жарияланған қадаммен төмендетілетін сауда-саттық әдісі;

лот - сату үшін бөлінбейтін бірліктерге бөлінген аукционға қойылатын мүлік ( а к т и в т е р ) ;

бірыңғай лоттың бастапқы бағасы - сауда-саттық басталатын баға;

сату бағасы - сауда-саттықтың нәтижесінде белгіленген лоттың түпкілікті б а ғ а с ы ;

сауда-саттықты ұйымдастырушы (аукционшы) - сауда-саттық өткізу жөнінде қызметтер көрсету туралы конкурстық басқарушымен шарт жасасқан және оның нәтижелеріне мүдделі емес заңды немесе жеке тұлға.

## **2. Борышкердің мүлкін (активтерін) сату алдындағы дайындауды жүргізу тәртібі**

4. Борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөніндегі аукционды өткізуге дайындық мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) мүліктің (активтердің) құнын бағалау және бастапқы бағасын белгілеу;

2) мүліктің (активтердің) сату жоспарын (бұдан әрі - сату жоспары) әзірлеу, к е л і с у ж ә н е б е к і т у ;

3) кепілдік жарнаның мөлшерін және оны енгізу тәртібін анықтау;

4) аукционды өткізу күнін белгілеу;

5) аукционды өткізу туралы ақпараттық хабарламаны жариялау;

6) кепілдік жарналарды қабылдау;

7) аукционға қатысушыларды тіркеу.

5. Конкурстық басқарушы конкурстық негізде тиісті мамандарды тарта отырып, мүліктерді (активтерді) түгендеу мен бағалауды жүргізеді. Мүлікті (активтерді) бағалау заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі. Түгендеу мен бағалауды жүргізу жөніндегі шығыстар конкурстық іс жүргізудің әкімшілік шығыстарына енгізіледі.

## **6. Конкурстық басқарушы:**

уәкілетті органмен келісілген мүлікті (активтерді) сату жоспарын әзірлейді және кредит берушілердің комитетіне бекітуге ұсынады;

ықтимал сатып алушылардың ең көп санын тарту жөніндегі жұмысты ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

конкурстық іс жүргізудің бірінші кезектегі шығыстары сметасының шегінде қалдық құнынан төмен емес бағамен өндірістік циклге енбеген мүлікті сату жөніндегі ұсынысты сату жоспарын бекіткенге дейін кредит берушілер комитетімен және уәкілетті органмен келіседі;

кепілдік жарналарды қабылдауды және қайтаруды жүзеге асырады; мүлікті (активтерді) сату жөнінде сауда-саттық өткізуді ұйымдастырады; сауда-саттық өткізудің барысына бақылауды жүзеге асырады; сауда-саттықтың жеңімпазымен сатып алу-сату шартын жасасады және оның орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

7. Конкурстық басқарушы сауда-саттықты өткізу үшін шарттық негізде сауда-саттықтың нәтижесіне мүдделі емес кез келген заңды немесе жеке тұлға - сауда-саттықты ұйымдастырушыны (аукционшыны) тартады.

8. Мүліктің (активтердің) сақталуына олар сатылғанға дейін конкурстық басқарушы жауап береді.

#### 9 . С а т у ж о с п а р ы :

сатуға қойылған мүлік (активтер) туралы ұсыныстарды; лот (лоттар) туралы мәліметтерді; аукционға қойылатын лоттың (лоттардың) бастапқы бағасы және аукционды өткізу әдістері туралы ұсыныстарды; қызметтің негізгі түрі міндетті сақтала отырып, борышкердің мүлкін (активтерін) бірыңғай лотпен аукционға бастапқы қоюдың қосымша шартын қ а м т у ы т и і с .

Егер мүліктер (активтер) бөліктеп төлеумен сатылса, бастапқы жарнаның мөлшері сату құнының отыз пайызынан кем болмауы керек, ал бөліп төлеу мерзімі үш айдан аспауы тиіс.

10. Ағылшындық әдіс кезінде бастапқы баға барлық кезектегі кредит берушілердің талап сомасынан төмен болмауы тиіс. Голландтық әдіс кезінде бастапқы баға бағалау актісін ескере отырып анықталады.

11. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна лоттың бастапқы бағасының бірден он бес пайызына дейінгі шекте белгіленеді.

12. Кепілдік жарна аукционға қатысушының мынадай міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылады:

- 1) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қою;
- 2) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес мүлікті (активтерді) с а т ы п а л у - с а т у ш а р т ы н ж а с а с у ;
- 3) мүлікті (активтерді) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындау.

13. Кепілдік жарна ақпараттық хабарламада көрсетілген тәртіппен конкурстық іс жүргізу деректемелері бойынша енгізіледі. Кепілдік жарнаның

мөлшері ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертіле алмайды. Кепілдік жарнаны қатысушының атынан үшінші тұлға енгізе алады. Кепілдік жарнаны алушы конкурстық басқарушы болып табылады.

14. Сауда-саттықта жеңіп шыққан және мүлікті (активтерді) сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдік жарнасы сату бағасының шотына есептеледі.

#### 15. Кепілдік жарна:

1) аукционға қатысушыға - егер аукционды өткізгенге дейін үш күннен аз уақытта оған қатысудан бас тартқан жағдайда;

2) жеңімпазға - егер ол сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан не мүлікті (активтерді) сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқан жағдайда қайтарылмайды.

Бұл ретте қайтарылмаған кепілдік жарна сомасы конкурстық іс жүргізу шотына есептеледі.

Аукционға қатысқан, бірақ онда ештеңе сатып алмаған тұлғаларға төленген кепілдік жарналар сомасы аукцион өткен күннен бастап он банктік күннен кешіктірмейтін мерзімде қайтарылады.

16. Мүлікті (активтерді) сату жөнінде аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарлама ол өткізілгенге дейін он бес күн бұрын мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялау құқығын алған жергілікті мерзімді басылымдарда жарияланады.

#### 17. Ақпараттық хабарлама:

1) аукционды өткізу күнін, орнын және уақытын;

2) лоттың қысқаша сипаттамасын;

3) аукционды өткізу шарттары мен жеңімпазды таңдау өлшемдерін;

4) кепілдік жарна мөлшерін және конкурстық іс жүргізудің банктік деректемелерін;

5) аукционға қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесін;

6) өтініштерді қабылдау мекен-жайын, мерзімінің басталу және аяқталу күні мен уақытын;

7) конкурстық басқарушының телефондары мен орналасқан жерін;

8) конкурстық басқарушының қалауы бойынша қосымша ақпаратты қамтуы тиіс.

18. Ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін конкурстық басқарушы барлық қалаушылардың лот және аукцион өткізу шарттары туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

19. Аукционға қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарламаны жариялаған күннен бастап жүргізіледі және аукцион өткізілгенге дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

20. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін:

- 1) аукционға қатысуға арналған өтінімді;
- 2) оны жеңімпаз деп жариялаған жағдайда, қатысушының сауда-саттық нәтижелеріне сәйкес мүлікті (активтерді) сатып алу-сату шартын жасасуға ж а з б а ш а м і н д е т т е м е с і н ;
- 3) кепілдік жарна енгізуді растайтын төлем құжатының түпнұсқасын;
- 4) өкілдері қатысқан кезде - олардың өкілеттігін куәландыратын құжатты ұсынуы қажет.

21. Аукционға қатысуға осы Ережеде анықталған тәртіппен тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, сондай-ақ заңнамалық кесімдерде көзделген жағдайларда, шетелдік заңды және жеке тұлғаларға рұқсат беріледі.

22. Аукционға қатысуға борышкердің лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ оларға үлестес тұлғаларға рұқсат етілмейді.

### **3. Борышкердің мүлкін (активтерін) сату**

23. Мүлікті (активтерді) сату сауда-саттықта сату жоспарына (ағылшындық не голландтық әдіс бойынша аукцион) сәйкес жариялылық, ашықтық және қол жетімділік қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

24. Егер сауда-саттыққа қатысушылардың саны кемінде екеу болған жағдайда ғана лот бойынша сауда-саттық өткізілді деп саналады.

Егер аукцион өткен жоқ деп танылса не оның ешбір қатысушысы бірыңғай лот сатып алмаса, оны одан әрі сату уәкілетті органмен және кредиторлардың комитетімен келісім бойынша жекелеген лоттар бойынша жүзеге асырылады.

25. Аукциондар оларды өткізу туралы көпшілікке жарияланған күннен бастап кемінде он бес күнтізбелік күн өткеннен кейін жүргізілуі тиіс.

26. Аукцион қатысушылары кепілдік жарналардың кез келген санын енгізуге құқылы, бұл ретте бір кепілдік жарна бір лотты сатып алуға құқық береді.

27. Тіркеуден өткен тұлға аукцион күні аукцион нөміріне ауыстырылатын қатысушының билетін алады. Аукцион нөмірін аукцион процесінде басқа тұлғаның пайдалануына жол берілмейді.

28. Аукцион оны өткізу шарттарын хабарлаудан басталады. Аукционға қатысушылар немесе қатысушы тұлғалар оны өткізу ережелерін бұзған жағдайда , оларды аукционшы аукцион өткізіліп жатқан орыннан шығарып жіберуі мүмкін .

29. Әрбір лот бойынша аукцион аукционға қойылатын мүліктің (активтердің) қысқаша сипаттамасын, сауда-саттықты өткізу әдісін, бастапқы бағасын және бағаның өзгеру қадамын хабарлаудан басталады. Аукционшы сауда-саттық

процесінде қадамын ауыстыра алады, бұл туралы хабарлайды. Аукцион өткізу кезінде ағымдағы лоттың бағасының 5-тен 10%-ына дейінгі шекте белгіленетін қадамның алдын ала хабарланған өсуіне (өзгеруіне) жол беріледі.

30. Аукцион төменде сипатталған екі әдістің бірімен жүргізіледі:

1) аукционшы лоттың бастапқы бағасын және бағаның өсу қадамын хабарлайды. Сауда-саттыққа қатысушы нөмірді көтере отырып, бастапқы бағаны өсіреді, бірақ хабарланған қадамнан кем болмайды. Аукционшы лот бойынша сауда-саттыққа қатысушының аукцион нөмірін хабарлайды, бағасын бекітеді және оны өсіруді ұсынады. Лот бойынша сауда-саттық ең жоғарғы ұсынылған бағаға дейін жүреді. Лотқа неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны аукционшы хабарлайды. Аукционшы лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды, бұл ретте лоттың соңғы бағасын әрбір қайталағаннан кейін кемінде он секунд өтуі тиіс және басқа көтерілген нөмірлер болмаған кезде балғаны ұрып, осы лоттың сатылуы туралы хабарлайды (сауда-саттықтың ағылшындық әдісі);

2) аукционшы лоттың бастапқы бағасын хабарлайды және жаңа бағасын хабарлай отырып, мәлімделген қадаммен оны төмендетеді. Аукционшы хабарланған баға кезінде аукцион нөмірін бірінші көтерген қатысушының нөмірін айтады және балғаны ұрып, осы лот бойынша оның жеңімпаз болғанын хабарлайды. Егер аукционшы лоттың ең кіші бағасын хабарлаған кезде қатысушылардың бірде-бірі осы лотты сатып алуға талап білдірмесе, онда лот сауда-саттықтан алынып тасталады (сауда-саттықтың голландтық әдісі). Егер екі немесе одан да көп нөмір бір уақытта көтерілген жағдайда, кім жеңімпаз болатыны туралы шешімді аукционшы мынадай тәртіппен қабылдайды: аукционшы қатысушыларға бағасын көтеруді ұсынады және ең жоғарғы бағаны ұсынған қатысушы жеңімпаз болады.

31. Әрбір сатылған лот бойынша сауда-саттықтың нәтижелері әрбір лот бойынша сауда-саттықтың аяғында сатушы, аукционшы, жеңімпаз және қатысушылар қол қоятын сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді. Аукционшы хаттамаға қол қою үшін үзіліс жариялануы мүмкін. Хаттамаға қол қоймаған сауда-саттыққа қатысушы өзінің нәтижелермен келіспейтіндігін негіздейді.

32. Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттама сауда-саттықтың нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сату бағасы бойынша мүлікті (активтерді) сатып алу-сату шартын жасасуға міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады. Жеңімпаз хаттамаға қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сатып алу-сату шартын жасайды.

33. Мүлікті (активтерді) сатып алу-сату шарты сатушы мен сатып алушы арасында жазбаша нысанда жасалады және шартты жасасу негіздемесі ретінде сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға сілтемені қамтуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК